

Мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікүшак айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15808 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 11.10.2024 № 1167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікүшак айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

генерал-полковник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Төрағасы

К. Мәсімов

2017 жылғы 31 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

2017 жылғы 18 тамыз

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2017 жылғы 16 тамыздағы

№ 453 бұйрығымен

бекітілген

Мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікүшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидалары

1. Осы Мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікүшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарын (тікүшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарын (тікүшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) жүзеге асырады, бұл ретте мемлекеттік авиацияның әуеайлағы (тікүшақ айлағы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуеайлақтарының (тікүшақ айлақтарының) тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізіледі.

3. Әуеайлақты (тікүшақ айлағын) Тізілімге енгізгеннен кейін Басқарма осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 5 жыл мерзімге Әуеайлақты (тікүшақ айлағын) мемлекеттік тіркеу туралы күелікті (бұдан әрі – Куәлік) береді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін әуеайлақ (тікүшақ айлағы) қайта тіркеледі.

Әуеайлақты (тікүшақ айлағын) реконструкциялау, қайта жоспарлау және (немесе) қайта жабдықтау нәтижесінде оның техникалық сипаттамасын өзгерту әуеайлақты (тікүшақ айлағын) тіркеу рәсіміне ұксас Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 761 қбпү бұйрығымен бекітілген Әуеайлақтардың (

тікұшақ айлақтарының), автомобиль жолдарының әуеайлақтық участекелерінің пайдалануға жарамдылығы нормаларының талаптарына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарына қойылатын тактикалық-техникалық талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19521 болып тіркелген) (бұдан әрі – ӘӘЖН) сәйкес бес жылдық мерзімге қарамастан, оны тіркеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 11.10.2024 № 1167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік авиацияның әуеайлағын (тікұшақ айлағын) Тізілімге енгізу үшін әуеайлақты (тікұшақ айлағын) тексеру актісінің және әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) пайдалануға рұқсат ету туралы бұйрықтың көшірмесін қоса беріп, осы Қағидаларға З-қосымшага сәйкес нысан бойынша авиациялық бөлім командирінің (әуеайлақ авиациялық аға бастығының) өтінішхаты негіз болып табылады.

Отінішхат әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалануға қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде беріледі.

Басқарма өтінішхат түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және авиациялық бөлім командиріне (әуеайлақтың авиациялық аға бастығына) Куәлік береді немесе әуеайлақ ӘӘЖН талаптарына сәйкес келмеген жағдайда тіркеуден бас тартады.

Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) тіркеуден бас тартылған жағдайда бөлім командирі 10 жұмыс күні ішінде ӘӘЖН талаптарына сәйкесіздікті жояды және осы Қағидаларға 4-тармақтың талабына сәйкес әуеайлақты (тікұшақ айлағын) тіркеу туралы өтінішхатты қайта жібереді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 11.10.2024 № 1167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Куәлік әуеайлақта (тікұшақ айлағында) орналасқан авиациялық бөлімде, авиациялық бөлімшеде, авиациялық ұйымда есепке алынады және сақталады. Куәліктердің көшірмелері Басқармада оның қолданылу мерзімі өткен күннен бастап 5 жыл бойы сақталады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 01.03.2021 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Куәлік жоғалған (ұрланған) немесе бүлінген жағдайда авиациялық бөлім командирі (әуеайлақтың авиациялық аға бастығы) Басқармаға еркін нысанда Куәліктің телнұсқасын беру туралы өтініш жасайды.

Бұл жағдайда Басқарма күнтізбелік 5 күнге дейінгі мерзімде Куәліктің телнұсқасын сол нөмірмен және күнімен береді және Тізілімде тиісті белгі жасайды.

Мемлекеттік авиацияның
әуеайлақтарын (тікүшак
айлақтарын) мемлекеттік тіркеу
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

(шектеу дәрежесі)

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуеайлақтарының (тікүшак айлақтарының) тізілімі

Тіркеу нөмірі	Орнала сусы, (әуеайла қ бақыла у нұктесі н і н актын, (геодези ялық коорди наталар ы), ең жақын елді мекенн е н қашықт ық	Әуеайл акты (нұктесі н і н актын, (геодези ялық коорди наталар ы), ең жақын елді мекенн е н қашықт ық	Әуеайл актын (тікүшак айлағы нұктесі н і н актын, (геодези ялық коорди наталар ы), ең жақын елді мекенн е н қашықт ық	Жасанд ы және топыра қты ұшу-қо н у жолақт арының саны және көлемі, (жабын типі, жабын калыңд ығы, жабын ың жіктеу саны)	Магист ральды қ басқару жолағы нұн, тұрақ орында рының саны ш а әуеайл актын (тікүшак айлағы нұктесі н і н актын, (геодези ялық коорди наталар ы), ең жақын елді мекенн е н қашықт ық	Куәлік беру, оның колдан ылу мерзімі н	Куәлікт і н колдан ылуын тұралы тұралы белгі (негізде ме,	Куәлікт і н колдан ылуын тұралы тұралы белгі (негізде ме)	Алып тастая туралы белгі (негізде ме)	Ескерт пе

Мемлекеттік авиацияның
әуеайлақтарын (тікүшак
айлақтарын) мемлекеттік
тіркеу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Әуеайлақты (тікүшак айлағын) мемлекеттік тіркеу туралы №_____ куәлік

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 11.10.2024 № 1167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әуеайлақтың (тікүшак айлағының) атауы _____
2. Орналасқан жері _____
3. Әуеайлак (тікүшак айлағының) иесі _____
4. Әуеайлак (тікүшак айлағының) сыйныбы _____
5. Негізгі ұшу-қону жолағының (топырақты ұшу-қону жолағының) көлемі және

жабын типі _____

6. Өуеайлак (тікүшақ айлағы) қону жүйесімен жабдықталған _____

(радиотехникалық жабдық типтері) _____

7. _____ өуеайлағы (тікүшақ айлағы) Тізілімде № _____ болып тіркелгені және әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етілгені
куәландырылады _____ (әуе кемесінің типі, рұқсат етілген ұшу салмағы, жыл мен тәулік мезгілі көрсетілсін)

8. Өуеайлаққа (тікүшақ айлағына) _____ метеоминимумы бойынша әуе кемесін қабылдауға рұқсат етілді, қону санаты _____

9. Мемлекеттік тіркеу және Куәлік беру үшін
негіз _____

М.О.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері Әуе қорғанысы
күштерінің бас қолбасшысы

Т.А.Ә. (бар болса), қолы

20 _____ жылғы " " _____

Пайдалану кезеңінде болған өзгерістер _____

Мемлекеттік авиацияның
өуеайлақтарын (тікүшак
айлақтарын) мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштері Әуе
қорғанысы күштерінің
бас қолбасшысына

Отінішхат

Ескерту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 11.10.2024 № 1167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

Сізден _____ өуеайлағын (әуеайлақ атауы) _____

байланысты (тіркеу себебі) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының өуеайлақтары (тікүшақ айлақтары) тізілімінде тіркеуді сұраймын.

Отінішхатқа әуеайлақты (тікүшақ айлағын) тексеру актісінің, әуеайлаққа

(тікүшақ айлағына) пайдалануға рұқсат ету туралы бұйрықтың көшірмесін қоса беремін.

әскери бөлімнің командирі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК